

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 ақпандағы ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 ақпанда 13 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Қаңтар айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

16 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 13 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2 270,1 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 7 986 822 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қаңтар айында 2 960 (0,04%) азайды, ал жинақталған зейнетақы қаражаты 17,6 млрд. теңге (0,8%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 ақпанда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны бұрынғыша 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 25,8%, «ГНПФ» – 22,3%, «Ұлар Үміт» – 13,9% және «БТА Қазақстан» – 9,6% немесе олардың үлесіне барлық қорлар салымшыларының жалпы санының 71,6%-ы келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 39 397 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қаңтар айында 137 бірлікке (0,4%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 104,6 млн. теңгемен 4 048 болды. Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының саны қаңтар айында 3 бірлікке (0,1%) азайды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылы қаңтар айында 17,6 млрд. теңге (0,8%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 ақпанда 2 275,7 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі қаңтар айында 29,2 млрд. теңгеге (1,6%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 ақпанда 1 850,9 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 569,0 млрд. теңге болды. Қаңтар айында «таза» инвестициялық кіріс 2,4 млрд. теңгеге (0,4%) азайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.02.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім, %
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 275,7	17,5	0,8
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 850,9	29,2	1,6
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	569,0	-2,4	-0,4
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	25,0	-	-0,3%-дық тармақ

2011 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 6 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 725,5 млрд. теңге (31,9%), «МЖЗҚ» – 380,5 млрд. теңге (16,7%), «Ұлар Үміт» – 321,9 млрд. теңге (14,2%) және «БТА Қазақстан» – 163,7 млрд. теңге (7,2%), «Грантум» - 152,3 (6,7%), «Капитал» - 112,5 (4,9%) бұл 6 қордың үлесіне барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражаты көлемінің немесе жиынтығының 81,6%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы қаңтар айында 0,1 млрд. теңгеге (0,7%) өсіп, 2011 жылғы 1 ақпанда 13,3 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 194,4 млрд. теңге болды немесе қаңтар айында 7,5 млрд. теңгеге (4,0%) өсті.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгеге 633 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 ақпанда 16,8 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты Агенттіктің сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.

2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын


бір қордан екінші қорға аудару қаңтар айында 33,8 млрд. теңгеге (3,1%) ұлғайып, 1 141,5 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылы қаңтар айында 16,1 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға өсіп, 2 276,2 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 ақпаннан бастап 2011 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 31,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ / ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	727 821	31,98
"ГНПФ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	381 115	16,74
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	373 957	16,43
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	322 168	14,15
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН жинақтаушы зейнетақы қоры " АҚ	51 789	2,28
«БТА Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	160 299	7,04
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ ЕҮ)	152 569	6,70
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	152 569	6,70
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	112 621	4,95
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	78 614	3,45
"Еуразиялық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	74 740	3,28
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ, "Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы	68 484	3,01
"Нұрбанк" АҚ еншілес ұйымы "Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	68 484	3,01
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	62 262	2,74
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	58 882	2,59
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	24 815	1,09
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	2 276 179	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі өткен айда 10,02 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға кеміп, 2011 жылғы 1 ақпанда 2 213,7 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,4%-ын (1 005,1 млрд. теңге) құрайды және 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осыған ұқсас көрсеткішке қатысты 0,5%-ға немесе 4,6 млрд. теңгеге өсті. 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша мемлекеттік емес бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 33,7%-ын құрады (745,5 млрд. теңге).

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.01.2011 ж.		1.02.2011 ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 000 562	44,99	1 005 116	45,40
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	853 999	38,40	862 260	38,95
Ұлттық Банктің ноттары	140 968	6,40	137 213	6,20
Жергілікті атқару органының бағалы қағаздары	5 595	0,25	5 643	0,25
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	185 942	8,36	178 933	8,08
акциялар	46 913	2,11	41 739	1,88
облигациялар	139 030	6,25	137 194	6,20
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0,00	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	43 692	1,96	44 803	2,03
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	31 450	1,41	25 642	1,16
Тазартылған алтын	29 893	1,35	28 751	1,30
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	756 568	34,03	745 509	33,68
акциялар	188 760	8,49	186 734	8,44
облигациялар, оның ішінде	567 808	25,54	558 775	25,24
Шетел валютасында номинирленген	22 128	1,00	59 923	2,71
теңгеге номинирленген	545 679	24,54	498 852	22,53
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	176 226	7,93	185 097	8,36
Туынды бағалы қағаздар	-570	-0,03	-117	-0,01
Жиынтығы	2 223 762	100,00	2 213 734	100

ҚР эмитенттері дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 ақпанда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 1,3%-ын құрады, абсолюттік мәні бойынша 29,6 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

– 2006 жылғы қаңтар айынан – 2011 жылғы қаңтар айы кезеңінде – 42,05% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 62,38%). Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 40,60%.


– 2008 жылғы қаңтар айынан – 2011 жылғы қаңтар айы кезеңінде – 15,17% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 26,08%);

– 2010 жылғы қаңтар айынан – 2011 жылғы қаңтар айы кезеңінде – 4,21% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның деңгейі – 8,10%) құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 ақпанда ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы көрсеткішпен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,5 пайыздық тармаққа төмендеді;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,88 пайыздық тармаққа азайды;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,18 пайыздық тармаққа азайды.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 82,9 млрд. тенге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 44,2 млрд. тенге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 53,3%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 89,4 млрд. тенге болды.

2011 жылғы қаңтар айында 5 қор («Ұлар Үміт», «АМАНАТ Қазақстан», «Атамекен», «БТА Қазақстан», және «Отан») жалпы сомасы 2,6 млрд. тенге шығынға ұшырады, бұл ретте 8 қор жалпы сомасы 2,5 млрд. тенге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 ақпанда 0,1 млрд. тенге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 72,1 млрд. тенге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 80,6%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 61,9%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 13,7%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 18,8%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 3,2 %-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.02.11
ЖІӨ млрд.тенге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	19 303,6 *	21 213,3*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	11,7	10,7

қатынасы, %-бен

Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	9,4	8,7
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	3,0	2,7
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері